

**Виктор МЕРЦ,**

*тарих ғылымының кандидаты, С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің Ә.Х.Марғұлан атындағы археологиялық ғылыми-зерттеу орталығының директоры, Павлодар археологиялық экспедициясының бастығы:*

# ОРТАЛЫҚТЫҢ МАҚСАТЫ – ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАН САЛҒАН САРА ЖОЛДЫ ЖАЛҒАСТЫРУ

**– Виктор мырза, өзіңіз қызмет ететін Павлодар мемлекеттік университетінде Әлкей Марғұлан атындағы археологиялық ғылыми-зерттеу орталығы қашан ашылды?**

– Орталық 2001 жылы ҚР ҰҒА Ә.Х.Марғұлан атындағы археологиялық ғылыми-зерттеу институтының келісімімен құрылды. Дәлірек айтқанда, бұл орталық институттың археологиялық экспедициясы негізінде құрылған аймақтық бөлімшесі болып табылады. Орталық Солтүстік және Шығыс Қазақстан аумағындағы ескерткіштерді зерттеумен айналысады. Біздің ең басты мақсатымыз – ғұлама ғалым Әлкей Марғұлан салған сара жолды жалғастыру.

**– Орталық құрылғаннан бері қандай іс-шаралар атқарылды?**

– Осы уақыт аралығында ғылыми және мәдени-тарихи маңызға ие көптеген ескерткіштерге зерттеу жүргізілді.

Орталық құрылғалы бергі уақытта Ертістің Павлодар өңіріндегі және іргелес өңірлердегі археология мәселелеріне арналған ғылыми мақалалардың екі жинағы, Ә.Марғұланның 100 жылдығына арналған «Марғұлан оқулары-2004» конференциясының материалдары, «Тастағы жазулар» фотоальбомы, «Археологиялық терминдер» сөздігі, «Ежелгі тарих» оқу құралы басылып шықты. Орталық қызметкерлері Қазақстан мен Ресейдің ғылыми басылымдарына алпыстан астам, Ертістің Павлодар өңірінің энциклопедиясына және басқа да басылымдарға жиырмадан астам ғылыми мақалалар жазды. «Өте ежелгі Азия» атты танымдық деректі фильмдер сериясы түсірілді. Бұған қоса, орталық қызметкерлері өз өңіріміздегі «Қолбасы мұнарасы» ортағасырлық мәдени-мемориалдық құрылыстар кешеніне, ғұн-сармат, сақ, қола дәуірлеріндегі қимақтар мен қыпшақтардың мекендеріне, қорымдарына экспедиция жасады. 2002 жылы Павлодар археологиялық экспедициясы тарапынан жинақталған археологиялық материалдар негізінде археологиялық мұражай ашылды.

Бүгінгі таңда орталық жанынан ашылған археологиялық үйірме жұмысына атсалысушы студенттер мен оқушылар аз емес.



*Бүгінгі археологтар Ә.Марғұланның ісін жалғастыруда*

*Сұхбаттасқан*
*Рауза МОЛДАЙЫПҚЫЗЫ*